Ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМШАРТ

**Көкшетау қаласы** **«19» қыркүйек 2022 жыл**

Бұдан әрі «Кітапхана» деп аталатын Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан қолданыстағы Жарғының негізінде әрекет етуші басшысы Серік Сапарұлы Жетпісқалиев бір тараптан және бұдан әрі «Балабақша» деп аталатын «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Zerek» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны атынан қолданыстағы Жарғының негізінде әрекет етуші меңгеруші Аягөз Иманғазиқызы Қаппасова екінші тараптан, бірге атағанда «Тараптар» келесі туралы келісімшарт жасасты:

## 1. Келісімшарттың мәні

Келісімшарттың мәні тәрбиеленушілердің тәрбиелік және танымдық үдерісін ұйымдастыру, балаларды кітап оқуға баулу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас жасау, балабақша бағдарламаларына қажетті әдебиетті ұсыну, бірлескен ұйымдастырушылық, шығармашылық және өзге де қызмет бойынша тараптардың ынтымақтасуы болып табылады.

## 2. Тараптардың міндеттемелері

2.1. «Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Орталық қалалық балалар және жасөспірімдер үлгілі кітапханасының міндеттемесі:

- Балабақшаның пайдаланушыларына ақпараттық, кітапханалық, білім беру, мәдени және бос уақыт, көрме қызметтерін ұсыну;
-Кітапхананың жұмысы, көрсететін қызметтері, мүмкіндіктері туралы ақпараттандыра отырып, білім беру үдерісіне ақпараттық қолдау көрсету;
- Балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілерін оқырмандар конференцияларына, таныстырылымдарға, дөңгелек үстелдерге, байқауларға, көрмелерге қатысуға шақыру;
- Балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері үшін кітапхана бойынша экскурсия өткізу;
- Кітапхананың 2022-2023 жылға арналған жоспарына сәйкес тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер үшін көшпелі әдістемелік, ағартушылық іс-шараларын өткізуді жүзеге асыру;
- Балабақшамен бірлескен іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімге бекіту.

2.2. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Zerek» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының міндеттемесі:

- ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;
- жоспарланған іс-шаралардың ақпараттық сүйемелденуін қамтамасыз ету;
- келісілген көшпелі іс-шараларды өткізу үшін Кітапханаға орын-жай және компьютерлік жабдықтарды ұсыну;
- Кітапханамен бірлескен іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімге бекіту.

## 3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптар осы Келісімшарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады.

3.2. Егер бұл форс-мажор жағдайына байланысты болса, Тараптар осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік болмайды.

3.3. Осы Келісімшарт бойынша Тараптар арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

## 4. Келісімшарт әрекетінің мерзімі

4.1. Тараптардың қолдары қойылған күннен бастап осы Келісімшарт күшіне енеді және Тараптардың бірінің бастамасы бойынша тоқтатылғанға дейін күшінде болады.

4.2. Келісімшартқа Тараптардың өкілдері қол қойған жазбаша нысандағы толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін.

## 5. Жалпы ережелер

5.1. Жазбаша түрде ұсынылған және екі Тараптың атынан өкілетті адамдардың қолдары қойылғанда ғана, барлық өзгертулер мен толықтырулар жарамды болады.

5.2. Осы Келісімшарт үш данада жасалды.

## 6. Тараптардың мекенжайлары және қолдары

| | |
|---|---|
| **Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Потанина көшесі,53** | **«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Zerek» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, М.Әуезов көшесі,119** |
| **Басшы: Жетпісқалиев Серік Сапарұлы** | **Меңгеруші:<br>Қаппасова Аягөз Иманғазиқызы** |
| **Мөр орны** | **Мөр орны** |
| **_______________ С. С. Жетпісқалиев** | **_______________ А. И. Қаппасова** |